

**8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы Тәңкіш Нәзира Полатқызының диссертациялық жұмысына Отандық кеңесшінің  
ПІКІРІ**

Қазақстан Республикасы Укіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысына сәйкес қабылданған Үздіксіз білім беру тұжырымдамасында білім беру саласындағы саясатты іске асырудан күтілетін нәтижелердің бірі – дәстүрлі оқыту бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа дайындауға, дағдылар мен құзыреттерді өмір бойы тұрақты жетілдіруге ынталандыруға өту қажеттілігі атап көрсетілген. Сондай-ақ, бұған дейін де қабылданған Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 және 77 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды даярлау, кейіннен бұл тәжірибелі еліміздің басқа оқу орындарында тарату» бағыттарына мән берсең, жоғары оқу орнында болашақ мамандарды сапалы даярлау мен оның кәсіби-тұлғалық өсуін жүзеге асыру мәселелерін қайта қарауды, заманауи жаңғырта түсінде талап етеді. Ал бұл болса, болашақ педагогтарды, соның ішінде кәсіптік оқыту педагогының кәсіби даярлау сапасын жақсартуды қажет етеді.

Осы мемлекеттік стратегиялық құжаттарда көрсетіліп отырған міндеттер болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың өзектілігін айқындай түседі. Ал бұл болса болашақ кәсіптік оқыту педагогын жоғары оқу орнында кәсіби даярлау барысында оның тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттігін арттыра түседі.

Педагогикалық теорияда студенттің тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жеткілікті түрде зерттелмегені анықталды, университеттің дәстүрлі білім беру тәжірибесінде мұндай міндет арнайы міндет ретінде қойылмаған. Дегенмен, студенттердің кәсіби қалыптасу қарқыны мен траекториясы өзгермелі және жеке психологиялық ерекшеліктер мен оқыту технологиялары сияқты факторлармен анықталады. Сол себепті болашақ кәсіптік оқыту педагогының әлеуметтік және тұлғалық функцияларын қалыптастыру кезеңінде оқыту технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі күман тудырмайды.

Кәсіби қызметке дайындық еңбек функцияларын орындауға, ең жақсы жағдайда мансаптық жетістіктерге бағдарлану керектігі айқын. Адамның жұмыста өзін-өзі жүзеге асыруы қазір адамның өзі ретінде қарастырылады, ал бұл жағдайда сәттілік адамның өзін-өзі жүзеге асыруға арнайы дайындығына байланысты.

Қазіргі уақытта көптеген университеттер мамандарды дайындау кезінде тек ақыл-ой және мінез-құлық саласына назар аударады, ал өмірге деген сүйіспеншілік пен жену қабілетіне, кәсіби шығармашылық арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекет назардан тыс қалады. Нәтижесінде кәсіби даму нормаларынан ауытқу пайда болады, жеке тұлғаның деформациясы пайда болады, нәтижесінде жеке тұлғаның тұтастығы бұзылады, оның бейімделуі, жұмысының өнімділігі төмендейді.

Демек, жоғары кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінің алдында болашақ педагогтың кәсіби оқытудың жаңа түрін дамыту міндеті тұр, онда кәсіби қалыптастасуға кедергі келтіретін және студенттерге кәсіби қызметтің және жалпы өмірдің субъектісі болуға кедергі келтіретін теріс кәсіби-педагогикалық стереотиптер мен жаңылыстар болмауы тиіс. Ол міндеттерді болашақ кәсіптік оқыту педагогының нәтижелі шешуі үшін оның бойында тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан болуы қажет.

Білім беру саласындағы жетекші мамандардың еңбектеріне жасалған талдау болашақ кәсіптік оқыту педагогтардың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мәселесінің отандық ғылымда арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын көрсетеді. Олардың ішінде біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбектердің өзінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтардың кейбір кәсіби сапалары мен арнайы іскерліктерін қалыптастыру мәселелері ғана қарастырылған.

Атап айтсақ, зерттеулердің барлығы болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби құзыреттілігін дамытуға айтарлықтай үлес қосады, бірақ олардың барлығы да оның тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қарастырмайды. Зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған талдау кәсіптік білім беру саласындағы болашақ кәсіптік оқыту педагогы проблемасының әртүрлі аспектілерінің зерттелгендігін, алайда оның тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын зерттеу қажеттігін, сондай-ақ оның ғылыми әдебиеттерде зерттелмегендігі мен осы үдерісті оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру керектігін байқатты. Ол бізге қоғам сұранысы мен бүгінгі ғылым мен практика арасында мынадай **қарата-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетті:

- тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан болашақ кәсіптік оқыту педагогтарына қоғамның сұранысы мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;
- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасында;
- жоғары оқу орнының болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мүмкіндіктері мен оны жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдан негізделмеуі арасында;
- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде

жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасында.

Аталған қарама-қайшылықтар болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды теориялық негіздеу мен оны практикаға ендірудің әдіс-тәсілдерін іздестіру зерттеудің проблемасын айқындауды және бізге диссертациялық жұмыстың тақырыбын «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» деп таңдауға себеп болды. Жоғарыда айтылғандардың бері осы бағытты ғылыми-педагогикалық зерттеулер үшін ашық деп санауға мүмкіндік береді.

Аталған мәселелерді шешу үшін Тәңкіш Нәзира Полатқызы өзінің диссертациялық жұмысында ғылыми зерттеуді құру логикасымен, отандық психологиялық-педагогикалық ғылымда қалыптасқан әдіснамалық тәсілдермен, зерттеудің өзара толықтыратын әдістерінің кешенін, зерттеудің барабар мақсаттарын, объектілері мен міндеттерін пайдаланумен, теориялық ережелер мен практикада алынған зерттеу нәтижелерінің сәйкестігімен, нәтижелерге сапалы және сандық талдау жүргізуге мүмкіндік беретін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қайталау мүмкіндігімен қамтамасыз еткен.

Н.П. Тәңкіштің диссертациялық зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы мынада болып тұр:

*Бірінші*, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаған.

*Екінші*, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымын анықтаған және оған сипаттама берген.

*Үшінші*, Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған және оны ЖОО-ның нақты педагогикалық үдерісінде практикалық іске асырылған.

*Төртінші*, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, нақтыланған.

Жүргізілген жұмыстар докторанттың алға қойған ғылыми болжамын растады, міндеттер шешілді, мақсат орындалды.

Сондықтан, зерттеудің теориялық және эксперименттік нәтижелері ЖОО-ғы кәсіби даярлықтың сапасын арттыруға бағытталғандығы айқындалды.

Дегенмен, диссертациялық зерттеу мәселенің шешімін аяқтады дегенді көрсетпейді. Студенттің тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциясын қалыптастырудың технологиялық негіздерін әзірлеу мәселесі өзекті болып қала береді.

Тәңкіш Нәзира Полатқызының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-

педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары теориялық деңгейде аяқталған, кәсіптік оқыту педагогын даярлаудың жетістігін анықтайтын факторлар жиынтығында олардың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруға басты назар аударған. Сонымен қатар, жаңа зерттеу әдістерін тиімді пайдаланған, ғылыми нәтижелерін көрнекі түрде көрсете білген.

Осыған байланысты, Тәңкіш Нәзира Полатқызын 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

## Остандық кеңесші

**М. Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан университеті, п. Е.К.,  
доцент**



Камалов Ю.Н.